

14 КОМАНДА, 200 АДАМ ҚАТЫСҚАН САЙЫС

Салауатты өмір салтын серік еткен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС жұмыскерлері арасында тұңғыш рет спорттық командалық коммуникация ойындарынан сайыс өтті. 24 шілдеде басталған сайын 10 күнде мәресіне жетті. Осындаи спорттық шараларды үйымдастыруды дәртүрге айналдырыған компания бұл жолы сайысқа қандай өзгеріс енгізді?



35 жылдан астам уақыт ел экономикасының есіп-өркендеуіне үлес қосып келе жатқан «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС бүгінде қоғамның басқа да бірқатар саласының дамуына мүмкіндік жасап отыр. Соның ішінде спорт саласын да басты назарға алған үжым, өзара қызметкерлері арасында спорттық сайыстар өткізуі өдектек айналдырыған. Олар осында кезекті шаралардың бірін қорытындылап, арналы жынында жеңімпаздарды марапаттады.

Үжым мүшелері 10 күнде аралығында спорттық командалық коммуникациялық ойындардан өзара бақ сыйнап, сайысқа түсті. Атап айтсақ, боулинг, садақ ату, үстел теннисі, қол қүресі сияқты бірқатар кезеңдерде өнер көрсетті. Мұндай жоба мұнайшылар арасында алғаш рет үйымдастырылып отыр. Яғни, өдегеттігі спартакиадан ерекшелігі бар екен.

Жұмабек Адырбеков, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС тауар-шикізат цехы директорының орынбасары:

«Сайыс өте қызық өрі тартысты өтіп, тек мықтылар ғана жетті. Барлығы 14 команда қатысты. Өт топта 15 адамнан, сонда 200-ден астам қызметкеріміз түрлі спорт түрлерінен сынға түсті. Топ капитаны өріптестерінің арасынан, яғни үжымнан өзіне ұнған ойыншыны таңдал алғып, команда құрды. Сол топ мүшелерін өзі таңдал, өзі дайындал, өзі сайысқа шығарды. Мұнда қарап тұрсақ, ең үлкен салмақ пен жауапкершілік топ басшысына түседі. 14 команда капи-




таны, тобымызды барынша алып шығуға тырыстық. Біздегі өріптестер де нағыз спортшы болмаса да барын салды. Компаниямизда бұған дейін спорттық ойындар ғана болатын. Атап айтсақ, футбол, баскетбол, волейбол деген сияқты. Ал мы-



нау, спорттық командалық коммуникациялық ойындар, бірінші рет өтіп жатыр. Ерекшелігі, мұнда қатысушыларға тек спорттық сайыстар ғана емес, интеллектуалды саулалар қойылып, жанжақты шындаі түседі. Ал ойын ережесі өр кезеңде өртүрлі. Мәселен, бізде волейболда бір команда да 5 адам болса, стритболда 3 адам ойнайды. Ойын барысы бір-біріне өте қатты ұқсайды, десе де ережесі басқа. Жаңадан қосылған ойын, волейбол ойнап жүрген жандарға еш қындығы жоқ. Сол сияқты барлық ойын түрінде ерекшелігі және басқа ойындардан айтарлықтай айырмашылығы болды».

Оның сөзінше, жобаға қатысушылардың жарысқа тұрақты түрде дайындалуына компания таралып барынша жағдай жасалыпты. Сондай-ақ, ерекше форматта үйымдастырылған шараның басты мақсаты – үжым мүшелерінің спортқа деген құлшынысын арттыру екен.

Жұмабек Адырбеков,



«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС тауар-шикізат цехы директорының орынбасары:

«Мұндағы негізгі мақсат – біріншіден біздің үжым мүшелерінің денсаулығын жақсарту, әрбірін спортқа баулу. Ал екіншіден олардың ауызбіршілігін арттыру, яғни, жарыстың арқасында бірін-бірімен жақсы аралас-құралас болып, танысып кетті. Бір -біріне



жақындаі түсті».

Сайыстың соңғы күніне орай үйымдастырылған шара 4 сағатқа созылды.

Сайыстың алғашқы жартысында 14 команда арналы даярланған интеллектуалды саулалдарға жауап берді. Төрешілер өт топты берген жауабына қарай бағалап, ең соңында командалардың толық үпайын шығарды. Сайыс нәтижесінде жүзден жүйрік атанған команда – Dream Team. Топ капитаны Талғат Қайырбековтің айтуынша, 200-ден астам қатысушы арасынан үздік шығу оңай емес. Ол бұл сайыста бас жүлдені иемдену үшін командасымен бірге 1 жыл бойы тұрақты дайындалыпты.

Талғат Қайырбеков, Dream Team командасының капитаны:

«Менің ойында, әр ойын өте тартысты әрі күшті өтті. Әсерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бізде бірінші рет осында ойындар өткізіп жатыр. Яғни, спорттың 15 түрінен. Жарысқа зауыттың көтеген қызметкери қатысты. Жобамен, 200 адам. Арасында қыз-келіншектер де бар, мұндай жағдай бұрын мүлдем болмаған. Компанияда спорт дегенге мықты мән берілген. Бізді барлық керек-жағымызben олар өздері қамтамасыз етеді. Мен тобыммен бұл сайысқа 1 жыл дайындалдым. Әдetteгідей, аптасына 3 рет, тұрақты

арналы залда дайындалып отырдық. Әрине, дайындалмасаң 1 орынды ешқашан ала алмайсың ғой, дайындық міндетті түрде болады. Қарапайым емес, нақты әрі сапалы дайындық. Сонда ғана жеңіске жетесін деп ойлаймын».

Бұл сайыс жаңа ойын түрлерімен ғана емес, команда мүшелерімен де ерекшеленеді. Бұдан бұрынғы спартакиада ойындарға қыз-келіншектер қатыспаған екен. Ал бұл жолы әрбір топта 2 әйел адамнан бар. Олардың бірі – Айдана Тілеулеңкызы. Ол «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» компаниясында 5 жылдан бері қызмет етіп келеді. Бұл жоба компания үжымына ерекше өсер қалдырып, жақсы көніл-күй сыйлапты.

Айдана Тілеулеңкызы, «Тұран» командасының мүшесі:

«Әр команда 2 қыздан болды. Жалпы 14 команададан 28 қыз шығып, өте тартысты өнер көрсеттік. Барлығы үйымшыл түрде жұмыс істеді. Біз бұл жоба арқылы жаңа достар таптық, бірін-бірімізben жақын араласып, танысып кеттік. Яғни, үйымшылдық жағынан жоғары деңгейде болды».

Кеш соңында үздік өнер көрсеткен алғашқы үштік ақшалай сыйлыққа ие болып, жалпы қатысушы команда мүшелеріне арналы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. «Сергіл қалдық» деген мұнайшылар сайысты үйымдастырушыларға дән риза. Үжым мүшелерінің көнілінен шыққан жоба алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Аида Қарсыбайқызы